

Қазақстанның шикізаттық емес салаларындағы жобаларды дамыту мақсатында ірі отандық және шетелдік трансұлттық компаниялар арасындағы ынтымақтастықты ынталандыру жөніндегі 2007-2008 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 21 тамыздағы N 230-ө Өкімі

1. Қоса беріліп отырған Қазақстанның шикізаттық емес салаларындағы жобаларды дамыту мақсатында ірі отандық және шетелдік трансұлттық компаниялар арасындағы ынтымақтастықты ынталандыру жөніндегі 2007-2008 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Мемлекеттік органдар, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері мен мүдделі ұйымдар (келісім бойынша) Жоспарда көзделген іс-шараларды іске асыруды қамтамасыз етсін және Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне жарты жылдың қорытындылар бойынша есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-күнінен кешіктірмей, Жоспар іс-шараларының орындалуы туралы ақпарат ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Қазақстан Республикасының Үкіметіне жарты жылдың қорытындысы бойынша есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей Жоспар іс-шараларының орындалуы туралы жиынтық ақпарат ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Жоспарда көзделген іс-шаралардың іске асырылуын бақылау мен үйлестіру Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2007 жылғы 21 тамыздағы
N 230-ө өкімімен

бекітілген

Қазақстанның шикізаттық емес салаларындағы жобаларды дамыту мақсатында ірі отандық және шетелдік трансұлттық компаниялар арасындағы ынтымақтастықты ынталандыру жөніндегі 2007-2008 жылдарға

арналған іс-шаралар жоспары

Р / с N	Іс-шара	Аяқталу нысаны	Орындалу мерзімі	Орындауға жауаптылар

1	2	3	4	5
1	Оларды бұдан әрі іріктелген басым салаларға (кластерлер) тарту үшін шикізаттық емес мақсаттағы өнімдердің өндірісінде мамандандырылған басым трансұлттық компанияларды (жетекші әлемдік брендтер) айқындау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2007 жылғы қараша	ИСМ, "Қазына" АҚ
2	Олардың дамушы елдерде инвестициялау жоспарлары бөлігінде, ірі трансұлттық компаниялардың корпоративтік стратегиялық зерделеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2008 жылғы наурыз	ИСМ, "Қазына" АҚ
3	Қаржыландыруды талап ететін отандық және шетелдік инвесторлардың инвестициялық жобаларының тізбесін қалыптастыру	ИСМ-ге ақпарат	Токсан сайын	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, ЭБЖМ, "Қазына" АҚ, "ҚазАгро" АҚ
4	Қазақстан экономикасының шикізаттық емес секторына оларды тарту мәселелері бойынша ірі трансұлттық компаниялармен келіссөздер жүргізуді жөніндегі және серпінді жобаларды іске асыру үшін жұмыс тобын құру	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі	2007 жылғы желтоқсан	ИСМ, ЭБЖМ, ККМ, СІМ, "Қазына" АҚ, "ҚазАгро" АҚ

5	Экономиканың шикізаттық емес салаларында мамандандырылған ірі трансұлттық компаниялардың штаб-пәтеріне көшетін елдерге жұмыс тобының мүшелерін іссапарға жіберу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	2007-2008 жылдар	ИСМ, СІМ, ЭБЖМ, ККМ, "Қазына" АҚ, "ҚазАгро" АҚ
6	Қазақстан экономикасының шикізаттық емес салаларында бірлескен инвестициялық жобаларды іске асыру жөнінде ірі отандық және шетелдік трансұлттық компаниялар арасындағы ынтымақтастық туралы меморандумды әзірлеу және қол қою	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2008 жылғы маусым	ИСМ, ЭБЖМ, ККМ, СІМ, "Қазына" орнықты даму қоры" АҚ, "ҚазАгро" АҚ
7	Қазақстан экономикасының шикізаттық емес салаларындағы жобаларды іске асыру жөнінде бірлескен кәсіпорындар құру	ИСМ-ге ақпарат	Жыл сайын, желтоқсан	"Қазына" АҚ
8	Салалар бойынша бөле отырып, инвестициялық жобалардың бірыңғай дерекқорын құру	ИСМ-ге ақпарат	2007 жылғы желтоқсан	"Қазына" АҚ

Ескертпе :

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

СІМ - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі
 ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
 ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі
 ККМ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі
 "Қазына" АҚ -»"Қазына" орнықты даму қоры" акционерлік қоғамы
 "ҚазАгро" АҚ -»"ҚазАгро" ұлттық холдингі" акционерлік қоғамы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК